

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

Ең алдымен, біздің жас компаниямызға көрсеткен сеніміңіз үшін алғыс айтуға рұқсат етіңіздер. Екі жыл ішінде Freedom Mobile өзінің дамуында керемет серпіліс жасады. Іс жүзінде «нөлден» бастап, бүгінде компания бүкіл Қазақстан бойынша өзін таныта білді: еліміздің 31 қаласында ұялы телефондар мен аксессуарларды бөлшек саудада сататын 100-ден астам дүкен. Қазіргі сәтте біз танымал әлемдік брендтердің негізгі дистрибьюторларының біріміз. Қысқаша айтқанда, Freedom Mobile — смартфондар бойынша басты компания.

Өзара сыйластық пен гендерлік теңдікке негізделген біздің корпоративтік мәдениетіміз компанияның дамуындағы іргелі элемент болып табылады. Команда әр қызметкердің бастамаларын бағалайды. Біз бір орында тұрмаймыз, әрқашан жаңа шешімдерді іздейміз, олардың ең жақсысын өз қызметімізге бейімдейміз.

Freedom Mobile қолданыстағы заңнаманы сақтайды. Біз адал, ақ ниетті және ашық бизнесті жүргізудің жоғары стандарттарын ұстанамыз. Компания сыбайлас жемқорлықты кез келген нысанда және көріністе қабылдамау қағидатын, яғни «нөлдік толеранттық» қағидатын қолданады.


Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыру үшін компанияда заңнамаға және озық халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы құрылды және жұмыс істейді. Бағдарлама сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мүдделер қақтығысын басқару саясатын қамтиды, оны барлық қызметкерлер орындауы тиіс.

Freedom Mobile-да «комплаенс шұғыл желісі» құрылды және жұмыс істейді, оған компания қызметкерлері, клиенттері және кез келген үшінші тұлғалар ықтимал және болуы мүмкін бұзушылықтар туралы хабарласа алады. Өз тарапымыздан толық жасырындылық пен құпиялылықтың сақталуына кепілдік береміз.

Біз сыбайлас жемқорлық қызметіне қатысқан немесе қатысуы мүмкін тұлғалармен және компаниялармен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайту үшін барлық қажетті шараларды қабылдаймыз және міндеттемелердің орындалуын мұқият тексереміз.

Біз бизнестің ашықтығын одан әрі арттыруға бағытталған озық құралдар мен технологияларды енгізу жолын ұстанатындығымызды мәлімдейміз. Біздің команда адал бәсекелестікті құрметтейді, Freedom Mobile компаниясының барлық контрагенттері мен серіктестерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қағидаттарын сақтауын құптайды және қолдайды

«Мобилный мир» ЖШС Директоры


В.В. Новичкова